

Мекежанова Асель Бисембаевнаның
6D011900-Шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша (PhD) философия
докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Болашақ биология мұғалімдерін
шеттілдік даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысының
аннотациясы

Зерттеудің көкейкестілігі. XXI ғасырдың жаһандық және пәнаралық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде коммуникативтік дағдыларды меңгеруін көздейтін үштілділік саясаты шеңберінде іске асырылады. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ғана емес, сонымен қатар оқыту құралы ретінде де әрекет етеді. Жаратылыстану цикл пәндерін (математика, физика, биология, химия) шет тілінде оқыту белсенді жүзеге асырылуда, осыған байланысты шет тілін меңгерген және өз пәнін шет тілінде оқытуға дайын мұғалімдерге деген сұраныс артып келеді. Демек, болашақ жаратылыстану цикл мұғалімдерін (біздің жағдайда, биология мұғалімдері) шет тілінде даярлау проблемасы неғұрлым егжей-тегжейлі және мұқият қарауды қажет етеді, сонымен қатар болашақ биология мұғалімдерін шет тілінде оқытудың сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған қолданыстағы әдістемелік жүйелерді қайта қарау және жаңа әдістемелік жүйелерді даярлау мәселесі өзекті болып табылады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлау жүйесінің қазіргі жай күйін талдау барысында **қарама-қайшылықтар байқалды:**

- педагогикалық білім беруді жаңғырту шеңберінде өз пәнін шет тілінде оқытатын биология мұғалімдерін даярлау қажеттілігі мен «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша оқытын студенттердің шет тілін іс жүзінде жеткіліксіз меңгеру деңгейі арасында;

- Қазақстан Республикасында үш тілде білім беруді дамыту үшін болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың жоғары дидактикалық әлеуеті мен болашақ биология мұғалімдерін шет тілде даярлау бойынша теориялық-қолданбалы әзірлемелердің болмауы арасында;

- болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлау сапасын арттыру қажеттілігі мен тиісті әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз дамуы арасында.

Мәселенің көкейкестілігі мен аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу «Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесін теориялық негіздеу және практикалық қолдану.

Зерттеу объектісі: педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлау процесі.

Зерттеу пәні: болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесі.

Зерттеу болжамы: егер болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлау процесі педагогикалық білім беруді жаңғырту және шет тілінде білім берудің мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын ескере отырып, үш тілде білім беруді енгізу курсы ескере отырып ұйымдастырылса, онда болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлау тиімді болады, бұл мектептерді үш тілді білім беру бағдарламасына тартылған жаңа формациядағы биология мұғалімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, өйткені шет тілін білу қазіргі заманғы биология мұғалімінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын міндетті талаптардың бірі болып табылады.

Зерттеудің қойылған мақсаты мен болжамына сәйкес **зерттеудің міндеттері** анықталды:

1. Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік оқытудың өзекті мәселелері мен заманауи тенденцияларын ашу;

2. «Болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік пәндік коммуникативті құзыреттілігі» ұғымын нақтылау, оның құрылымы мен қалыптасу критерийлерін анықтау;

3. "English for Biology Teachers" оқу-әдістемелік құралы мен биология студенттеріне арналған үш тілді терминологиялық сөздіктен тұратын болашақ биология мұғалімдерін шет тілдік даярлау моделі және болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлауды әдістемелік қамтамасыз ету түрінде ұсынылған болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесін әзірлеу;

4. Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін эксперименталды түрде сынақтан өткізу

Зерттеу әдістері:

- теориялық әдістер: психологиялық-педагогикалық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді; жоғары және орта білім беру саласындағы нормативтік және оқу құжаттамаларын, қазақстандық және халықаралық стандарттарды зерделеу және жүйелі талдау; салыстыру, модельдеу, абстракциялау;

- эмпирикалық әдістер: педагогикалық бақылау, сауалнама; диагностикалық сауалнама; сараптамалық бағалау және өзін-өзі бағалау; интерпретациялық әдістер; педагогикалық эксперимент;

- математикалық статистика әдістер: статистикалық әдіс U Манн-Уитни критерийі.

Зерттеу көздеріне білім берудегі Қазақстан Республикасының заңдары, көптілді және шет тілді мәселелер бойынша нормативтік құжаттар, ғылыми-теориялық және философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер, ғылыми-әдістемелік және библиографиялық деректер базасы және т. б. жатады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері:

- педагогикалық процесті ұйымдастыру (Н.Д. Хмель, С.Д. Муканова, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова, Н.Н. Хан, Ш.Ж. Колумбаева, А.Д. Кайдарова, Ж.Т. Оспанова және т.б.);

- шет тілдерін оқытудағы оқу процесінің кәсіби және коммуникативтік бағыттылығы теориялары (Д.Н. Асанова, Г.К. Тлеужанова, Э.А. Утеубаева, У.И. Копжасарова, Г.О. Тажигулова, И.В. Атаманова, Д.Р. Ахметова, К.Ж. Карабаева, В.Ф. Аитов, А.И. Ахулкова, К. Безукладников, Н.Д. Гальскова, Р.П. Мильруд, П.И. Образцов, Е.И. Пассов, Е.Р. Поршнева, О.Ф. Черниченко, А. Шамов және т.б.);

- көп тілді және көпмәдениетті тілдік тұлға мен тілдік көпмәдениетті білім берудің теориялары мен практикасы (Б.А. Жетписбаева, Л.С. Сырымбетова, Д. Ныгметулы, Г.К. Длимбетова, З.К. Темиргазина, С.К. Молдабекова, С.А. Шункеева, О. Витченко, Д. Гаипов, Е.П. Глумова, N. Bilik, M.T.L. Cavalcante, H. Erdene, G. Hu, S. MacWhinnie, C. Mitchell, G. Riberas, G. Rosa, Çiğ K. Selim Guvercin, Y. Yaylaci, E. L. Zen және т.б.);

- білім берудегі құзыреттілік және коммуникативтік-құзыреттілік тәсілдер (А.Н. Chomsky, Д. Хаймс, С.С. Кунанбаева, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Э.Ф. Зеер, В.И. Байденко, А.А. Валеев, И.Г. Дикарева, И.Г. Кондратьева, Ф.М. Литвинко, Р.П. Мильруд, Е.И. Пассов, Д. Равен, В.В. Сафонова, В.А. Слостенин, О.В. Хасанова, E. Baum, B.S. Bloom және т.б.);

- тілдік емес мамандықтар студенттерінің тілдік дайындығын ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын әзірлеу (С. Богомаз, М.И. Катилина, Г.А. Краснощекова, Л.А. Муслова, Е.Н. Остроумова, М.Ю. Удалова, И.А. Цатурова, T. Bouwkamp-Timmer, J. Cohen-Schotanus J. Schonrock-Adema, E.A. van Hell).

Тілдік емес мамандықтардың мамандарына шет тілдерін оқыту мәселелерімен айналысқан шетелдік және отандық ғалымдар С.С. Кунанбаева, Б.С. Жумагулова, Г.Р. Мукушева, С.А. Мейрамова, О.Д. Московченко, Ж.Т. Копобаева, А.А. Сарсенбаева, А.К. Карабаева, С.К. Фоломкина, Н.Д. Гальскова, С.В. Дмитриченкова, Е.А. Малых, Л.А. Муслова, О.И. Шубина, В.А. Чаузова. Дегенмен, болашақ биология мұғалімдерін шет тілінде оқыту мәселесі мұқият зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу жұмысы 3 кезеңнен тұрды:

1-кезең (2017-2018 жж.) зерттеу мәселесін тұжырымдауға және түсінуге, жалпы және арнайы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді кешенді зерделеуге және талдауға, шет тіліндегі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттамаға, осы білім беру бағдарламасының студенттері үшін шет тілін оқытудың қолда бар тәжірибесін зерделеуге, болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлаудың педагогикалық және нормативтік қамтамасыз етуді анықтауға арналған.

2-кезең (2018-2021) зерттеудің эмпирикалық негіздерін зерттеуге, болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлау негіздерін зерттеуге және дамытуға, студенттер мен оқытушыларға сауалнама жүргізуге, алынған деректерді өңдеуге және талдауға, болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлау моделін әзірлеуге және сынақтан өткізуге арналған.

3-кезең (2021-2022) тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығаруға бағытталған, алынған нәтижелер талданып, жұмыстың болжамы мен міндеттері салыстырылады. Бұл кезең сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жалпылаумен және диссертациялық жұмысты рәсімдеумен байланысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазақстандық жоғары білім беру жүйесі жағдайында болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері анықталды;

- «Болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік-пәндік коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымы нақтыланып, оның құрылымы анықталды;

- Педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесі алғаш рет ұсынылды;

- Алғаш рет болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлауға негізделген Subject-Based Speaking, технологиясы әзірленді; оның құрылымы, осы технология бойынша жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар және онымен жұмыс істеу кезеңдері анықталды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік даярлаудың өзекті мәселелері мен қазіргі тенденцияларын зерттеу болып табылады, бұл шеттілдік-пәндік коммуникативтік құзыреттілік тұжырымдамасын, құрылымын және қалыптасу критерийлерін нақтылауға мүмкіндік берді, педагогикалық білім беруді жаңғырту және үш тілді білім беруді енгізу шеңберінде мамандарды даярлаудың өзекті мәселесінің шешімдерінің бірі болып табылатын түлектердің шет тілді кәсіби қарым-қатынасқа дайындығын қамтамасыз етуге қабілетті қажетті бейіндегі шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесін әзірлеу. Жұмыстағы теориялық ережелер шет тілінде білім беру әдістемесіне ықпал етеді және болашақ биология мұғалімдерін сапалы шет тілінде оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік жүйелерді модельдеуде қолданыла алады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы болашақ биология мұғалімдерін шет тілінде оқытудың әдістемелік жүйесі әзірленіп, эксперименталды түрде сыналды, онда «English for Biology Teachers» оқу-әдістемелік құралы, биология студенттеріне арналған Үш тілді терминологиялық сөздік сияқты дидактикалық материалдар бар. Біз жүргізген зерттеу нәтижелері жаратылыстану-ғылыми бағыттағы білім беру бағдарламаларының білім алушыларын шет тілінде даярлауды жүзеге асыратын ЖОО оқытушыларының жұмысында пайдалы болуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми ережелер:

1-ЕРЕЖЕ. Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлауды ұйымдастырудың өзекті мәселелері мен қазіргі тенденцияларын зерттеу келесі қорытындыларға әкеледі:

- жеке пәндер немесе курстар бойынша оқыту шет тілінде ұйымдастырылады, ал шет тілін оқыту көбінесе кәсіби-педагогикалық

бағытқа ие, бұл тілді игерудің коммуникативті бағыты мен табиғи қабілетін артырады, өйткені бұл жағдайда шет тілі ақпаратты беру үшін қолданылады;

- шет тіліндегі кәсіптік білім беру кәсіптік-бағдарланған әдебиеттерді оқуға бағытталудан бастап коммуникативтік және құзыреттілікке баса назар аударуға және студенттерді болашақ кәсіптік-педагогикалық қызметке даярлауға дейінгі ұзақ жолдан өтті;

- болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың қазіргі тенденцияларына білім беру бағдарларын өз кәсібінде алған құзыреттіліктерін пайдалануға дайындықты дамытуға ауыстыруға мүмкіндік беретін құзыреттілік тәсілдің басым болуы; қарастырылып отырған дайындықтың әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-мәдени, жеке факторлармен, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау факторымен шартталуы жатады; оны ұйымдастыру үшін нормативтік құжаттамамен қамтамасыз етілуі, коммуникативтік-бағытталған оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы, сондай-ақ студенттердің жас, психологиялық және кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, шет тіліндегі оқыту процесіне коммуникативтік-бағытталған әдістерді, тәсілдерді және оқыту технологияларын енгізу қажеттілігі.

2-ЕРЕЖЕ. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген талдау болашақ биология мұғалімдерінің шеттілдік-пәндік коммуникативті құзыреттілігі ұғымын нақтылауға, оның құрылымы мен қалыптасу критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді.

3-ЕРЕЖЕ. Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың ұсынылған әдістемелік жүйесі болашақ биология мұғалімдерінде шет тілінің пәндік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және ол «English for Biology Teachers» оқу-әдістемелік құралынан, биология студенттеріне арналған үш тілді терминологиялық сөздіктен, сонымен қатар болашақ биология мұғалімдерін шет тілінде даярлау моделінен тұрады. Жұмыста қарастырылған оқыту технологияларының негізінде Subject-Based Speaking технологиясы ұсынылды, оның құрылымы, технология бойынша жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар және онымен жұмыс істеу кезеңдері анықталды.

4-ЕРЕЖЕ. Болашақ биология мұғалімдерін шеттілдік даярлаудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері.

Зерттеу базасы: Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультеті, 6B01509 «Биология» білім беру бағдарламасы (білім беру); Павлодар педагогикалық университетінің жаратылыстану жоғары мектебі, 6B01550 «Биология» білім беру бағдарламасы.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық зерттеу нәтижелері 11 ғылыми мақалада, оның ішінде Scopus халықаралық ақпараттық базасына кіретін шетелдік басылымдарда-1, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда мақаланы жариялау– 3, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – 5, басқада басылымдар - 2. Сондай-ақ, «English

for Biology Teachers» оқу-әдістемелік құралына 11.06.2021 жылғы №18636 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне ақпарат енгізу туралы куәлік алынды.

Диссертацияның құрылымы: диссертация кіріспеден, екі тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 142 бет.